

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы**

**Министерство просвещения Республики Казахстан
Национальный научно-практический центр физической культуры**



**Дене шынықтыру бойынша оқушылардың пәндік
олимпиадасын өткізу жөнінде
Әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации
по проведению предметной олимпиады
школьников по физической культуре**

**Астана
2025 жыл**

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I. Білім алушылардың дене шынықтырудан пәндік олимпиадасын өткізуді ұйымдастыру.....	5
1. Жалпы ережелер.....	5
2. Олимпиаданың кезеңдері.....	5
3. Олимпиадаға қатысушылар.....	7
4. Жұмыс органдары.....	7
5. Үйлестіруді өткізу тәртібі.....	8
6. Қатысушыларды марапаттау.....	8
II. Білім алушыларды дене шынықтырудан пәндік олимпиадаға дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	10
1. Білім алушыларды дене шынықтырудан пәндік олимпиадаға дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	10
2. Теориялық бөлімнің мазмұны.....	11
3. Практикалық бөлімнің мазмұны.....	12
3.1 Гимнастика.....	12
3.2 Гимнастика 5-6, 7-8 сынып.....	12
4. Жеңіл атлетика 5-6, 7-8 сынып.....	17
5. Спорттық ойындар (баскетбол, волейбол, футбол).....	17
6. Ұлттық ойын: «Асық ату» -ұлдар», «Бес асық» -қыздар.....	22
Қорытынды.....	32
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	33
Қосымша.....	34

КІРІСПЕ

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дененің сапалық қасиеттерін дамытуға және ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға; қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға, жалпы дамушылық пен түзету бағытындағы дене жаттығуларының қозғалыс тәжірибесін байытуға; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру қызметіндегі дағдылар мен машықтарды үйретуге, дене жаттығуларымен өз бетінше айналысуды ұйымдастыруға; дене шынықтырудың базалық негіздері мен ұлттық спорт түрлерінің техникалық тәсілдерін меңгеруге; патриотизмге, өз Отанын сүйуге және моральдық-ерік-жігер қасиеттеріне тәрбиелеу бағытталған» [1].

«Дене шынықтыру» пәні дене шынықтыру білімін, дене жаттығулары жүйесін және дене шынықтыру сабақтарының формаларын біріктіреді. Осы саланың пәндік мазмұнын игеру оқушыларды өздерінің физикалық қабілетін жетілдіру үдерісіне белсенді тартуға бағытталған. Сана мен белсенділіктің өзара байланысының заңдылықтары дене шынықтыру саласындағы құндылықтарды тек қана мектеп кезеңінде ғана емес, сонымен бірге өмір бойы дербес пайдалануға мүмкіндік береді.

«Оқушылардың дене тәрбиесін ұйымдастырудың маңызды нысандарының бірі дене шынықтыру олимпиадаларын өткізу болып табылады, онда оқушылар дене шынықтыру және спорт саласындағы алған білімдері мен дағдыларын көрсете отырып, оған белсенді қатысады. Олимпиадалар—дарынды және ынтасы жоғары білім алушылармен жұмыс жүргізудің жалпыға бірдей танылған түрі. Олимпиадаларға қатыса отырып, балалар өздеріне тең ортаны табады. Олар басқа балалармен бәсекелесе отырып, жеңістерге ұмтылады» [2].

Дене шынықтырудың мақсаты – ағзаның барлық жүйелерін дамыту, әрбір білім алушыға тән физикалық қасиеттерді және сонымен байланысты қабілеттерді жетілдіру. Дене шынықтыру жеке тұлғаны тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Бұл білім алушылардың физикалық тұрғыда дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, тұлғалық және рухани қасиеттерді дамытуына ықпал етеді. Мектепте білім берудегі дене шынықтыру пәні білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- теориялық білім деңгейін, практикалық дағдыларды арттыру дене шынықтыру-спорттық қызметтегі қозғалыс тәжірибесін игеру;
- білім алушылардың салауатты өмір салтына уәждемелік қызығушылығын қалыптастыру және дамыту;
- барынша дайындалған және дарынды балаларды анықтау үшін қажетті жағдайлар жасау.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша Олимпиаданың өзіндік ерекшеліктері бар. Осы саланың пәндік мазмұнын игеру кезінде білім алушылардың физикалық өзін-өзі жетілдіру процесіне, бәсекелестік қызметке, дербес сабақтар мен салауатты өмір салтын ұйымдастыруға белсенділік пайда болады.

«Олимпиаданың әр кезеңінде білім алушы теориялық және практикалық компоненттерді қамтитын байқау сынағынан өтеді. Тестілеу бойынша

сараланған тапсырмаларды орындаудан тұрады, олардың қиындық деңгейі Олимпиада кезеңіне байланысты күрделене түседі. Тәжірибелік сынақтарға «Дене шынықтыру» пәні бойынша тереңдетілген деңгейдегі негізгі жалпы және орта білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына негізделген жаттығулар кіреді. Олимпиадалық тапсырмалар сынақ өткізілетін спорт түріне тән техникалық әдістерден тұрады.

Олимпиада білім алушылардан жоғары интеллектуалды деңгейде жұмыс істеуді талап етеді, олардың стандартты емес жағдайда, алған білімдерін қолдануды, талдау, синтездеу дағдыларын, «Дене шынықтыру» пәні бойынша логикаға құрылған білім мен дағдылар жүйесін меңгеруді талап етеді.

Осыған байланысты білім алушылардың теориялық және әдістемелік дайындығы – үйлесімді дамыған тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін жетекші факторлардың бірі. Практикалық сынақтарды бір кезеңнен келесі кезеңге қарай өзгерту және күрделендіру, мектепте «Дене шынықтыру» пәнін оқытудың сапасын арттыруға және білім алушыларды тұрақты түрде дербес дене жаттығуларымен айналысуға тартудағы қуатты ынталандыру болып табылады» [3].

Ең алдымен, Олимпиаданы өткізудегі басты міндет – «Дене шынықтыру» пәнін оқуға деген қызығушылықты ояту, білім алушылардың Олимпиадаға дайындалу мен қатысуға деген ынтасын қалыптастыру.

I. Білім алушылардың дене шынықтырудан пәндік олимпиадасын өткізуді ұйымдастыру

1. Жалпы ережелер

1.1. Білім алушылар Олимпиадасы келесі құжаттарға сәйкес өткізіледі:

1) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

2) «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы;

3) Дене шынықтыру пәнінен білім алушылардың пәндік олимпиадасын өткізу бойынша Әдістемелік ұсынымдар.

1.2. Осы Ереже «Дене шынықтыру» пәні бойынша негізгі орта білім беру бағдарламасын іске асыратын барлық білім беру ұйымдары оқушылары олимпиадасының (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1.3. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) мектептің білім беру бағдарламасы шеңберінде білім алушылардың мектептегі тәжірибесін байыту;

2) дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысуға тұрақты қызығушылық пен қажеттілікті тәрбиелеу;

3) жалпы білім беретін мектептерде дене шынықтыру мен спортты дамытудың деңгейін көтеру;

4) дене тәрбиесі арқылы білім алушыларды достыққа тәрбиелеу;

5) ғылыми білімді насихаттау және білім алушылардың ғылыми қызметке деген қызығушылығын дамыту;

6) олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын тереңдету;

7) жеке тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне жәрдемдесу;

8) дарынды балаларды анықтау үшін қажетті жағдайларды жасау.

2. Олимпиаданың кезеңдері.

Олимпиаданы білім басқармасының тиісті органдары үш кезеңде өткізеді. Білім беру басқармалары ұйымдастыру комитеттерін құрады: аудандық, облыстық (қалалық) (Астана, Алматы және Шымкент қалалары үшін).

2.1 Бірінші кезең – аудандық.

Аудандық кезеңді аудандық білім бөлімдері дайындаған тапсырмалар бойынша аудандық білім бөлімдері, **2025 жылғы 30 сәуірге** өткізеді.

Олимпиаданың аудандық кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін

аудандық білім бөлімінің басшысына Ұйымдастыру комитетін (бұдан әрі – Аудандық ұйымдастыру комитеті) құру және бекіту ұсынылады. Аудандық ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді.

Олимпиаданың аудандық кезеңінің ұйымдастыру комитетіне мыналар ұсынылады:

- Олимпиаданың аудандық кезеңіне басшылықты жүзеге асыру;
- Олимпиаданың аудандық кезеңін өткізуді ұйымдастыру;
- Олимпиаданың өтетін орнын анықтау;
- Олимпиаданың аудандық кезеңін өткізуді үйлестіру және бақылау;
- Олимпиада қорытындыларын талдау және жинақтау;
- Олимпиада қорытындылары туралы ақпаратты облыстық білім басқармасына жолдау;
- кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингін жасау;
- аудиториядағы кезекшіге арналған нұсқаулыққа сәйкес Олимпиаданы өткізу кезінде кезекшілік өткізу (4-қосымша);
- Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылаушыға арналған нұсқаулыққа сәйкес Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылайтын байқаушыны тағайындау (5-қосымша);
- аудитория бойынша кезекшіге Олимпиадаға қатысушыға арналған нұсқаулықпен қатысушыларды таныстыруды тапсыру (6-қосымша).

2.2 Екінші кезең – облыстық. Облыстық кезеңді облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары дайындаған тапсырмалар бойынша, **2025 жылдың 17 мамырына** дейін Олимпиаданы білім басқармалары өткізеді.

Олимпиаданың облыстық (қалалық) кезеңін ұйымдастыру және өткізу үшін облыстық (қалалық) білім басқармасының басшысына ұйымдастыру комитетін (бұдан әрі – Облыстық (Қалалық) ұйымдастыру комитеті) құру және бекіту ұсынылады. Облыстық (Қалалық) ұйымдастыру комитетінің құрамында – ұйымдастыру комитетінің төрағасы және мүшелері болады.

Олимпиаданың облыстық (қалалық) кезеңінің ұйымдастыру комитетіне мыналар ұсынылады:

- Олимпиаданың облыстық (қалалық) кезеңін өткізуді ұйымдастыру;
- Олимпиаданы өткізу орнын анықтау;
- Олимпиаданың облыстық (қалалық) кезеңіне басшылықты жүзеге асыру;
- Олимпиаданың облыстық (қалалық) кезеңін өткізуді үйлестіру және бақылау;
- Олимпиада қорытындыларын талдау және жинақтау;
- Олимпиада қорытындылары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығына (бұдан әрі – Орталық) жіберу;
- кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингін жасау;
- аудиториядағы кезекшіге арналған нұсқаулыққа сәйкес Олимпиаданы өткізу кезінде кезекшілік жүргізу (4-қосымша);

- Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылаушыға арналған нұсқаулыққа сәйкес Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылайтын байқаушыны тағайындау (5-қосымша);

- аудитория бойынша кезекшіге оқушыларды Олимпиадаға қатысушыға арналған нұсқаулықпен таныстыруды тапсыру (3-қосымша).

2.3 Үшінші кезең – республикалық.

Республикалық кезең 2025 жылдың **28 мамыр – 02 маусым** Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен өткізіледі. Қорытынды кезеңге арналған тапсырмалар Орталықта әзірленеді.

Қатысушылардың саны, республикалық Олимпиаданы өткізу мерзімдері орталықтың бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

3. Олимпиадаға қатысушылар.

2025 жылдың 17 мамырына дейін облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары әрбір қатысушыға Олимпиада материалдарын дайындау үшін сынып бойынша, оқыту тілдері бойынша қатысушылардың санын көрсете отырып, Орталыққа өтінімдерді жібереді. Барлық кезеңдердің тапсырмалары әдістемелік ұсынымдарға сәйкес параметрлер мен критерийлер бойынша бағаланады.

Олимпиадаға денсаулық жағдайы бойынша негізгі медициналық топқа жататын жалпы білім беретін мектептердің, гимназиялар мен лицейлердің 5-8 сыныптың білім алушылары, Олимпиаданың екінші кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысады.

Олимпиада теориялық және практикалық бөлім бойынша екі жас тобында өткізіледі:

- 1 топ-5-6 сыныптар-10 оқушы (5 ұл, 5 қыз);
- 2 топ-7-8 сыныптар-10 оқушы (5 ұл, 5 қыз).

Облыстық (қалалық) білім басқармалары «Дене шынықтыру» (ұлдар, қыздар) пәні бойынша республикалық Олимпиадаға қатысуға өтінімдер жібереді (1-қосымша) және «Дене шынықтыру» пәні бойынша Республикалық Олимпиадаға қатысушылардың жеке карточкаларын (2-қосымша).

Орталыққа жолдайды. Орталыққа Олимпиадаға қатысушының ата-анасының немесе заңды өкілінің дербес деректерінің фото және бейнетүсірілімге пайдалануға келісетіндігі туралы келісімін жіберу ұсынылады (3-қосымша).

Республикалық Олимпиадаға қатысушы білім алушылармен бірге жүретін облыстық (қалалық) білім басқармасының басшысы немесе өкілі Олимпиада өтетін жерге барар жолда, оны өткізу кезінде және тұрғылықты жеріне қайтар жолда Олимпиадаға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

4. Жұмыс органдары

Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін Орталықтың бас директорының бұйрығымен Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітіледі.

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша жалпы басшылықты Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

4.1. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті:

1) Олимпиаданың барлық кезеңдерінде өткізудің жалпы тәртібін айқындайды;

2) тікелей басшылықты жүзеге асырады;

3) Ұйымдастыру комитеті орталықтың Ғылыми кеңесімен бекітілген Дене шынықтыру бойынша оқушылардың пәндік олимпиадасын өткізу жөнінде Әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алады;

4) Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің төрағасына қазылар алқасы мүшелерінің құрамы мен саны бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) Олимпиада қорытындыларын талдайды және жинақтайды, бұйрық жобаларын және Олимпиаданың қорытынды шешімін дайындауға қатысады;

6) Олимпиада материалдарын БАҚ-та және әлеуметтік желілерде, сондай-ақ Орталықтың сайтында жариялайды.

4.2. Орталық:

1) Олимпиаданың қорытынды кезеңінің теориялық және практикалық тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді;

2) Олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлейді;

3) Олимпиаданы өткізу нысанын, тапсырмалардың түрлерін және бағалау өлшемшарттарын айқындайды.

4) мынадай нұсқаулықтарды әзірлейді:

- аудиториядағы кезекші үшін (4-қосымша);
- Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылаушы үшін (5-қосымша);
- Олимпиадаға қатысушыға арналған (6-қосымша).

5. Үйлестіру тәртібі

5.1. Жұмыстарды бағалау кезінде барынша объективтілікті қамтамасыз ету үшін әр турдан кейін Олимпиаданың барлық қатысушыларымен тапсырмаларды талқылау жүргізіледі. Тапсырмаларды талқылағаннан кейін қатысушылардың қалауы бойынша үйлестіру жұмыстарын жүргізеді.

5.2. Үйлестіруді бас төреші мен қазылар алқасының мүшелері жүргізеді.

5.3. Қатысушы қазылар алқасының бағасымен келіспеген жағдайда, ол үйлестіру үшін бөлінген мерзімде мамандар қатарынан комиссия құратын ұйымдастыру комитетінің бас төрешіне жүгінеді.

5.4. Барлық кезеңдердің жұмыстарын үйлестіру Олимпиаданың тиісті кезеңі аяқталғаннан кейін бір күн ішінде; қорытынды кезең – Олимпиаданың нәтижелері жарияланғаннан кейін үш сағат ішінде жүргізіледі.

6. Қатысушыларды марапаттау

6.1. Олимпиаданың ашылуы, қортындысын шығару, қатысушыларды марапаттау салтанатты жағдайда өтеді.

6.2. Аудандық және облыстық (қалалық) Олимпиадалардың жүлдегерлері білім беру саласындағы жергілікті уәкілетті және атқарушы органдардың дипломдарымен, грамоталарымен және жүлделерімен марапатталады.

6.3. Республикалық Олимпиадада 1, 2, 3 - орындарға ие болған қатысушылар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының кубоктарымен, медальдарымен және 1,2,3 дәрежедегі дипломдарымен марапатталады.

6.4. Жүлделі орындарға ие болған қатысушыларды сәтті дайындағаны үшін орта білім беру ұйымдарының педагогтері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының дипломдарымен марапатталады.

II. Білім алушыларды дене шынықтырудан пәндік олимпиадаға дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. Білім алушыларды Олимпиадаға дайындау

Білім алушылардың Олимпиада тапсырмаларын ойдағыдай орындауы үшін оларды Олимпиадаға дайындау қажет. Ол үшін педагог үлкен дайындық жұмыстарын жүргізіп, теориялық және практикалық турдың олимпиадалық түріндегі әртүрлі тапсырмаларды тандап, орындауы керек. Тапсырмаларды сәтті орындау үшін сабақтан бөлек, білім алушылардың арнайы дайындық қажет. Белгілі бір мәселелердің (тапсырмалардың) шешімдерін олардың нақты негіздемесімен табу үшін олар тапсырмаларды шешудің оңтайлы әдістерін таңдай алатындай үйрету керек.

Білім алушыларды «Дене шынықтыру» пәнінен Олимпиадаға дайындау мақсатында дене шынықтыру мен техникалық дайындықтың күшті және әлсіз тұстарын анықтау үшін бұрынғы дене шынықтыру Олимпиадаларының нәтижелерін мұқият талдау ұсынылады.

Олимпиаданың конкурстық тапсырмаларын орындаудағы нәтижелерді жақсартуға ықпал ететін дене шынықтыру құралдарын іріктеу маңызды. Облыстық (қалалық) білім басқармаларына дене шынықтырудан Олимпиадаға дайындық бағдарламаларын әзірлеу ұсынылады.

Білім алушыларды Олимпиадаға дайындау педагогтің оларға әдістемелік тұрғыдан дұрыс тапсырма беру қабілетіне байланысты, оның шешімі оқушыда жеңіске деген құштарлықты тудырады және ол осы пәнге одан да үлкен қызығушылықпен айналысатын болады. «Білім алушының белгілі бір салада білім алуға деген қызығушылығы оның стандартты емес ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді, бұл қазіргі қоғам дамуындағы өте өзекті мәселе болып табылады. Қоғамның өсіп келе жатқан мүшесіне стандарттық емес ойлау қабілетін дамыту, оның осы қоғамда лайықты орын алуына көмектеседі. Олимпиадаға дайындық кезінде келесі қағидаттар маңызды:

- максималды дербестік -тапсырмаларды өз бетінше шешуге мүмкіндік беру;
- білуге деген белсенділік;
- қиын тапсырмаларды деңгейін ертерек орындау;
- өткен Олимпиадалардың нәтижелерін талдау;
- жеке тәсіл;
- психологиялық қағидат.

Оқушының өзімен сөйлесіп, келесі сұрақтарды түсіндіру: ол Олимпиадаға дайындықты бастауға дайын ба, қосымша сабақтарға бос уақыты бар ма? Педагогпен оқушының әңгімесіне баланың ата-анасы қатысса жақсы болады, өйткені олардың қолдауы, кейде (материалдарды басып шығару, әдебиеттерді сатып алу, Интернет желісіне қол жеткізу және т.б.) көмегі де бұл жағдайда өте қажет. Кейде осындай әңгіме барысында баланың денсаулығына байланысты проблемалардың бар екені және оның олимпиадаға дайындалу кезіндегі қосымша жаттығулардың баланың денсаулығына жайсыз әсер ететіні белгілі болады. Егер білім алушының Олимпиадаға қатысу

тәжірибесі болмаса, онда оларға дайындықты барынша ертерек, бірнеше ай бұрын бастау керек. Бала олимпиадаға дайындықпен баруы керек, ол өзін не күтіп тұрғанын, олимпиада материалдарына қандай тапсырмалардың түрлері кіретінін білуі тиіс. Ол олимпиаданы өткізу ережелерімен таныс болуы керек, мысалы, ұялы телефонды пайдалануға болмайтын талаппен. Бұл оқушыларға қажетсіз стрестен аулақ болуға, дайындыққа уақытты біркелкі бөлуге мүмкіндік береді.

Олимпиадаға дайындық кезінде өзіңіздің және білім алушының жұмысын жоспарлаңыз, топтық және жеке сабақтарға, консультацияларға уақыт белгілеңіз. Тақырыптарды зерделеу, тапсырмаларды орындау ретін анықтаңыз, өйткені бала Олимпиадаға сәтті қатысуға дайындалу үшін сыныптастарынан бұрын мектеп бағдарламасын оқуы керек, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына енбеген бірқатар тақырыптарды да білуі керек. Білім алушыларды, олимпиада қозғалысына қатысушыларды мақтаңыз, олар жеңімпаз атанбаса да, онда баланың көрсеткен кез келген нәтижесі құрметке лайық және оны педагог атап өтуі керек. Баламен бірге оның орындаған олимпиада жұмысын талдаңыз (тапсырмаларды талдау арқылы), жіберілген кателерді сұрыптаңыз, олимпиадаға дайындық бойынша алдағы жұмыстарды жоспарлаңыз. Білім алушыға олимпиадаға дайындалудағы еңбегінің бекер болмайтынын сендіруге тырысыңыз, оның білімін қайда пайдалана алатынын атап көрсетіңіз» [4].

2. Теориялық бөлімнің мазмұны

Теориялық бөлімнің мазмұны «Дене шынықтыру» пәні бойынша негізгі білім көлеміне және сыныптар бойынша білім деңгейіне сәйкес құрастылырылып, 5-9 сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының тараулары бойынша тест тапсырмаларын қамтиды:

- Денсаулық және салауатты өмір салты;
- Негізгі мектепті бітіретін білім алушылардың дене шынықтыру даму деңгейіне қойылатын талаптар (5-9 сыныптарға арналған дене шынықтыру пәнінің Типтік оқу бағдарламасының 3-тарауы).

Әр бір қатысушы тест тапсырмаларын орындайды. Тесттер саны 25, Тапсырманы орындау уақыты – 45 минут.

2.1 Орындау тәртібі:

- 1.Тестілеу қағаз нұсқасында жүргізіледі.
2. Қатысушы тек бір рет тестілеуден өте алады.
3. Тестілеу басталған сәттен бастап барлық тестілеу қатысушылары үшін уақыт бірдей есептеледі.
4. Тестілеу тілі қатысушының қалауы бойынша таңдалады.
5. Ұлдар мен қыздар тапсырманы бірге орындайды;
6. Тапсырманы орындау кезінде ұялы телефондарды және басқа да байланыс құралдарын пайдалануға, қатысушылар арасындағы сөйлесіп, ақпарат алмасуға тиым салынады, бұзушылық болған жағдайда қатысушы аудиториядан шығарылады.
7. Қатысушылардың дұрыс жауаптарының нәтижелері қосылып жинақталады.

3. Практикалық бөлімнің мазмұны

Практикалық бөлім – Дене шынықтыру бағдарламасының: гимнастика, жеңіл атлетика, спорттық ойындардың (баскетбол, волейбол, футбол), ұлттық ойын /«Асық ату»-ұлдар, «Бес тас»-қыздар/ негізгі бөлімі бойынша жаттығуларды орындау болып табылады.

3.1 Гимнастика

Байқаудың тапсырмасы – «Дене шынықтыру» пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына кіретін элементтерден тұратын барлық жастағы ұлдар мен қыздарға арналған акробатикалық комбинацияны орындаудан тұрады.

Барлық жас топтарындағы акробатикалық комбинация көрсетілген бағдарламадағы тәртіппен орындалатын элементтер мен қосылыстарды қатаң түрде міндетті орындауды қажет етеді. Жаттығуды орындау үшін қатысушыға тек бір мүмкіндік беріледі. Егер қатысушы қандай да бір элементті немесе қосылымды орындай алмаса немесе оны басқамен алмастырса, бағалау бағдарламада көрсетілген құнынан төмендейді. Акробатикалық комбинацияның басталуы мен аяқталуы нақты болуы керек, бірдей, динамикалық және негізсіз үзіліссіз орындалуы керек.

Төрешілер акробатикалық комбинацияны орындаудың сапасын орындаудың мінсіз нұсқасымен салыстырып бағалайды, бұл ретте орындау техникасына қойылатын алдын ала келісілген талаптарды ескереді.

Акробатикалық комбинацияны орындаудағы болжамды ең жоғары бағасы – 10,0 ұпай.

3.2 Гимнастика 5-6, 7-8 сынып

Гимнастика 5-6

Акробатика. Алға қарай тоңқалаң асу, артқа, отырып, тіреліп бүрісіп, тоңқалаң асу 2-3 тоңқалаңсуды бірге жасау. Аяқты бір бірінен алшақ қойып, отырып, аяқты алшақ қойып алға қарай тоңқалаң асу. Аяқты бір бірінен алшақ қойып, тұрып, артқа еңкейіп, көпір жасап, тоңқалаң асу. Отырып, тікреліп, артқа қарай аунап, жауырынымен тұру.

Ұлдарға арналған акробатикалық комбинация: аяқты бір бірінен алшақ қойып, қолдарды жоғары көтеріп, артқа еңкейіп, көпір жасау; жату және денені көтеру, артқа отыру, тірелу, артқа аунап түсіп, жауырынымен тұру; отырып тіреліп, артқа тоңқалаң асу; алға қарай екі рет тоңқалаң асу және аяқтарын алшақ қойып, еңкейіп секіру.

Қыздарға арналған акробатикалық комбинация: екі алға және түзу, қолдар жоғары; артқа еңкейту "көпір"; жату, иық пышақтарына тіреу; аялдамаға алға еңкейіп, аяқты бөлек еңкейтіп секіру.

Гимнастика 7-8 сынып

Акробатика. Алға қарай ұзақ тоңқалаң асу, арқан арқылы (биіктігі 70 см-ге дейін) бір орында тұрып және 2-3 қадам жүгіріп келіп, алға қарай тоңқалаң асу (ұлдар); аяқтарын алшақ қойып тұрып, артқа қарай тоңқалаң асу; «көпір» жасау және бұрылып, бір тізесімен тұру (қыздар). Түрегеп тұрып, қолдарының көмегімен тоңқалаң асу (ұлдар). Тұру: баспен және білекпен,

баспен және қолдарымен (ұлдар).

Ұлдарға арналған акробатикалық комбинация: отырып, артқа қарай тоңқалаң асу, түрегеп тұру, аяқтарын алшақ қою; алға қарай иіліп еңкею, қолдары жан-жақта; отыру және қолдарын итеріп, басымен тұру; түсу, отыру және алға қарай тоңқалаң асу; ұзақ тоңқалаң асу және бүгіліп жоғары қарай секіру.

Қыздарға арналған акробатикалық комбинация: отырып, артқа қарай тоңқалаң асу; жауырынымен тұрып, артқа қарай аунау; алға қарай аунау, жату және «көпір» жасау; оң тізесімен тұрып, бұрылу, сол аяғы артта; сол аяқты сермеп, отырып және алқа қарай тоңқалаң асу; иіліп, жоғары секіру және негізгі тұрысқа келу.

Гимнастика бойынша бағдарлама 5-6 сынып/қыздар/

Акробатикалық комбинация	Бағалау
1. Б.қ.(бастапқы қалып) – негізгі тұрыс (н.т.).	1,0
2. Алға қадам, бір аяғындағы тепе-теңдік «қарлығаш», қолдары жан-жақта, осы қалыпты ұстау.	
3.Түзу тұрып, алға қадам жасау, 360-қа бұрылу, аяқты кең, бір-бірінен алшақ ұстау және «бүктеме (складка)» алға қарай бүгіліп, тоңқалаң асу.	1,5
4. Жауырынымен «қайың» боп тұрып, артқа қарай аунап түсу, осы қалыпты ұстау.	1,0
5. Отырып, тіреліп алға қарай аунап түсу.	0,5
6. Артқа қарай жартылай шпагат жасап, тоңқалаң асу.	1,5
7. Кеудені алдыңғы аяқтың санына жақындату.	0,5
8. Иықтан арқаға «көпір» жасап аунау, жатқан күйде.	1,0
9. Бүктеліп, отырып, алға қарай аунап түсу, отыру.	0,5
10.Түзелу, бір жағына /дөңгелек/ қарай бұрылу, аяқтарын алшақ қойып, қолдарын жан-жаққа жіберіп тұру.	2,0
11.Оң аяқты қойып, 90-градусқа бұрылу, қолдары жан-жақта.	0,5

Гимнастика бойынша бағдарлама 5-6 сынып/ұлдар/

Акробатикалық комбинация	Бағалау
1. Бастапқы қалып – негізгі тұрыс.	1,0
2. Алға қадам жасау, бір аяғында тепе-теңдік «Қарлығаш», қолдары жан-жақта, осы қалыпты ұстау.	
3. Түзу тұру, оң аяқты сол жаққа шалыстырып, шеңбер бойымен бұрылады, отыру.	0,5
4. Секіріп, алға қарай екі рет ұзақ тоңқалаң асу, отыру.	2,0
5. Жауырынымен «қайың» боп тұрып, артқа қарай аунап түсу, осы қалыпты ұстау.	1,0
6. Отырып, тіреліп алға қарай аунап түсу.	0,5
7. Артқа қарай тоңқалаң асу, отыру.	1,5
8. Түзу тұру, оң аяқты сол жаққа шалыстырып, шеңбер бойымен бұрылады, отыру.	0,5
9. Бір жағына /дөңгелек/ қарай бұрылу, аяқтарын алшақ қойып, қолдарын жан-жаққа жіберіп тұру.	2,0
10. Оң аяқты қойып, 90-градусқа бұрылу, қолдарын төмен түсіру.	0,5
11. Иілу арқылы жоғары секіру, аяқтарын алшақ қою.	0,5

Гимнастика бойынша бағдарлама 7-8 сынып/қыздар/

Акробатикалық комбинация	Бағалау
1. Б.қ. (бастапқы қалып) – негізгі тұрыс (н.т.).	
2. Алға қадам, бір аяғындағы тепе-теңдік «қарлығаш», қолдары жан-жақта, осы қалыпты ұстау.	1,0
3. Түзу тұрып, алға қадам жасау, 360-қа бұрылу, аяқты кең, бір-бірінен алшақ ұстау және «бүктеме» алға қарай бүгіліп, тоңқалаң асу.	1,5
4. Жауырынымен «қайың» боп тұрып, артқа қарай аунап түсу, осы қалыпты ұстау.	1,0
5. Отырып, тіреліп алға қарай аунап түсу.	0,5
6. Артқа қарай жартылай шпагат жасап, тоңқалаң асу.	1,5
7. Иықтан арқаға «көпір» жасап аунау, жатқан күйде.	1,0
8. Бүктеліп, отырып, алға қарай аунап түсу, отыру.	0,5
9. Түзелу, бір жағына /дөңгелек/ қарай бұрылу, аяқтарын алшақ қойып, қолдарын жан-жаққа жіберіп тұру.	2,0
10. Оң аяқты қойып, 90-градусқа бұрылу, қолдарын төмен түсіру.	0,5
11. Іілу арқылы жоғары секіру, аяқтарын алшақ қою.	0,5

Гимнастика бойынша бағдарлама 7-8 сынып/ұлдар/

Акробатикалық комбинация	Бағалау
1. Б.қ.- н.т.	1,0
2. Алға қадам жасау, бір аяғында тепе-теңдік «Қарлығаш», қолдары жан-жақта, осы қалыпты ұстау.	
3. Түзу тұру, оң аяқты сол аяқтың алдына шалыстырып, шеңбер бойымен бұрылады, отыру.	0,5
4. Секіріп, алға қарай тоңқалаң асу, отыру.	1,0
5. Итерілу, аяқтарды түзу қою, баспен тұру, осы қалыпты ұстап тұру.	2,5
6. Аяқтарын бұгу, тіреліп отыру.	0,5
7. Артқа қарай тоңқалаң асу, тіреліп отыру.	1,5
8. Түзелу, бір жағына /дөңгелек/ қарай бұрылу, аяқтарын алшақ қойып, қолдарын жан-жаққа жіберіп тұру.	2,0
9. Оң аяқты қойып, 90-градусқа бұрылу, қолдарын төмен түсіру.	0,5
10. Іілу арқылы жоғары секіру, аяқтарын алшақ қою.	0,5

3.3 Гимнастикалық жаттығуларға төрелік ету бойынша ұсынымдар

Орындаушылық шеберлікті бағалау кезінде төреші әрбір элементтің техникалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс орындалғанын, дұрыс орындаудан, мінсіз қалыптан және т. б. қандай ауытқуларға жол берілгенін ескереді.

Сонымен қатар, жаттығудың мазмұны толығымен жеке элементтердің және бүкіл комбинацияның қалай жасалғанына байланысты бағаланады. Жаттығуды орындағаннан кейін төреші жіберілген қателіктер үшін азайту ұпайларын қосады, 10 ұпайдан сол соманы алып тастайды және соңғы нәтижені шығарады.

Нәтиже ұпайлармен өлшенеді. Нәтиже әділ (объективті) болу үшін жаттығуды әр жақта тұрған бірнеше төреші бағалайды, төрешілердің қойған орта бағасы алынады. Ұпаймен бағалау жүйесі төрешілерге қатаң талаптар қояды. Жаттығуды өте жақсы орындаған кезде, тек 0,1 ұпай айырмаға ғана рұқсат етіледі.

Комбинация мінсіз болуы және техникалық тұрғыдан дұрыс, анық,

сенімді, жеңіл, әдемі, жақсы сымбатпен, үлкен амплитудамен, мәнерлі орындалуы керек.

Мыналар қатеге саналады:

- жаттығудың сипаттамасынан ауытқу, комбинацияның бөліктерін көзделмеген бағытта орындау;
- жаттығудың жекелеген элементтерін немесе бөліктерін техникалық тұрғыдан дұрыс орындамау;
- өтпелі және соңғы қалыпта дәл болмауы, статикалық қалыпта дұрыс тоқтамау, тепе-теңдікті жоғалту;
- дұрыс бағытта қозғалмау, жеткіліксіз немесе шамадан тыс бұрылу;
- гимнастикалық стильдің болмауы;
- сермеу элементін күшпен немесе күштеп сермелу, ырғақтың немесе қарқынның бұзылуы;
- дәлдік пен мәнердің жетпеуі, амплитудасы аз және жеке элементтерді, жалпы жаттығуды орындаудағы тағы басқа кемшіліктер.

Қателер үшін ұпайды азайту

Мінсіз орындаудан ауытқу дәрежесіне байланысты қателер ұсақ, орташа, өрескел және орындалмаған қателер болуы мүмкін.

Ұсақ қателік – бұл аз ғана қателікпен, талап етілетін орындаудан сәл ауытқыған мінсіз орындау деуге болады. Аяқтың ұштарын созу, басын төмен түсіру, тізені жеткіліксіз түзету. Мұндай жағдайда төреші әр элементте қайталанатын және анықталған қате үшін ұпайын азайтады. Бұл қате үшін ең минималды төмендету – 0, 1 ұпайға дейін.

Орташа қате – бұл мінсіз орындаудан айтарлықтай ауытқу. Мұндай қателіктер үшін 0,2 немесе 0,3 балл төмендейді: егер қате ұсаққа жақын болса – 0,2 балл, ал өрескелге жақын болса – 0,3 балл шегеріледі.

Өрескел қате – бұл элементті орындамау қатесімен бірдей, талап етілетін қалыптан үлкен ауытқу (айқын бұрмалау). Өрескел қателік үшін төмендету – 0,5 ұпай.

Гимнастика элементті орындамаумен шектесетін қателік жіберсе және талап етілетін қажетті қозғалыстың негізгі белгілері әлі де сақталса, өрескел қателік үшін төмендетумен шектелу керек. Элементтің жекелеген бөліктерінде дәйекті түрде жіберілген әрбір қате үшін төмендетулер бөлек жүргізіледі. Бір уақытта жіберілген бірқатар қателіктер үшін азайту, әр қате үшін жеке және барлық кемшіліктер – ұсақ, орташа немесе өрескел қателіктер үшін жиынтық бойынша төмендетуге болады.

3.4 Орындаудағы қателіктердің сыныптамасы

Жаттығудың бірнеше түріне тән қателіктер.

3.4.1 Қолдың, аяқтың, дененің бүгілуі, аяқты дұрыс қоймау, қол білезігінің, бастың, аяқ ұшының дұрыс тұрмауы.

Ұсақ қателіктер – қолдары сәл бүгілген, аяқтары сәл бүгілген, денесі сәл бүгілген, аяқтарының таралуы, басты дұрыс ұстамау, қол білезігін дұрыс ұстамау, аяқ ұшының дұрыс тұрмауы.

Орташа қателіктер – қолдары едәуір бүгілген, аяқтары едәуір бүгілген, денесі едәуір бүгілген, аяқтары едәуір ашылған.

3.4.2 Қозғалыстарды орындау кезінде жеткіліксіз сермеу, элементтерді жеткіліксіз, жоғары және кең және т. б. орындау.

Ұсақ қателер – бұл өте жақсыға орындаудан сәл ауытқу.

Орташа қателер – бұл өте жақсыға орындаудан үлкен ауытқу.

3.4.3 Тепе-теңдікті жоғалту

А.) Секіріп түсу кезінде, сондай-ақ еркін жаттығуларға енгізілген және екі аяқпен түсетін секірулерде.

Ұсақ қателіктер – кез-келген бағыттағы шағын секіру немесе қадам, түсу кезінде еңкею, жұмсақ түспеу, орнынан сәл жылжып кету.

Орташа қателіктер – үлкен секіру немесе бірнеше секіру кезінде орнынан аттап, жылжып кету, орнынан жылжымай-ақ едәуір тербеліп тұру, еденге қолын тигізу.

Өрескел қателіктер – еденге қолын тіреу, түскеннен кейін құлау, жүгіру. Орындамау – табаннан басқа, дененің кез келген бөлігімен түсу, элементті орындау кезінде қосымша тірелу.

Б.) Басқа жағдайларда – бір аяқпен тұрумен аяқталатын бұрылулар мен секірулерде, бір аяқпен тепе-теңдікте, қолына тірелгенде және т. б.

Ұсақ қателіктер – орнынан жылжымай-ақ аздап тербеліп тұру, аздаған аттап өту, бір қолымен ұстау, аздаған секірумен орнынан жылжып кету.

Орташа қателіктер – үлкен секіру немесе бірнеше секіру кезінде орнынан аттап, жылжып кету, орнынан жылжымай-ақ едәуір тербеліп тұру.

бұл бір маңызды секіріспен немесе бірнеше кішігірім секіріспен орыннан, орыннан жақындамай, айтарлықтай тербелмелі қозғалыстар.

Өрескел қателіктер – едәуір аттап өту, еденге қолын тигізгенде, тепе-теңдікті жоғалту.

3.4.4 Сермеу элементтерінде күш қолдану

Ұсақ қателер – сермеу элементіндегі аздаған кідіріс.

Орташа қателіктер – бұл айтарлықтай баяулау және жұлқыну, сермеу элементін тоқтап немесе едәуір қиналып орындау.

3.4.5 Күш салатын элементтердегі қателер

Ұсақ қателіктер – күш салатын элементті баяу немесе біркелкі орындамау, аяқтың немесе қолдың аздап дірілдеуі.

Орташа қателер – шектен тыс қобалжудан туындаған діріл, элементті орындау кезінде айтарлықтай дұрыс орындамау немесе аздап тоқтаа қалу, күш элементін жұлқынып орындау. Орындамау – күш элементін сермей орындау.

3.4.6 Статикалық қалыпта жеткіліксіз тоқтау (уақыт есебін бастау талап етілетін қалып келген сәттен бастап жүргізіледі; «ұстау» деп тоқтатудың ұзақтығы – 3 сек.)

Ұсақ қателіктер – 1 секундқа дейін «ұстап тұру» статикалық қалпын ұстамау.

Орташа қателер – 1-2 секунд «ұстау» қалпында тоқтау.

Өрескел қателіктер – 1 секундтан аз «ұстау» қалпында тоқтау.

Орындамау – қалыпты ұстап тұра алмауы.

3.4.7 Жаттығудағы негізсіз және көзделмеген тоқтаулар (кідірістер)

Ұсақ қателіктер – бұл жаттығудың біртұтастығын аздап бұзатын кідіріс.

Орташа қателер – жаттығуды біртұтас орындауды қажет ететін элементтер арасындағы кідіріс.

3.4.8 Еденге қол тигізу

Ұсақ қателіктер – жеңіл тигізу.

Орташа қателер – қарқынды байқатпай жоғалтпай-ақ, едәуір қол тигізу.

Өрескел қателіктер – қарқынды едәуір жоғалтып немесе тоқтап қолды көп тигізу.

3.4.9 Бұрылусыз орындалатын, элементтердегі көзделмеген бұрылулар Жеткіліксіз немесе шамадан тыс бұрылыстар.

Ұсақ қателіктер – аздаған ауытқу.

Орташа қателіктер – айтарлықтай ауытқу.

Өрескел қателіктер – үлкен ауытқу.

4. Жеңіл атлетика 5-6, 7-8 сынып

5-6 сыныптар: 60 м-ге жүгіру, бір орнында тұрып, ұзындыққа секіру; отырып, аяқтарын алшақ қойып, нығыздалған (1кг) допты екі қолымен бастан асырып, алысқа лақтыру.

7-8 сыныптар: 60 м-ге жүгіру, бір орнында тұрып, ұзындыққа секіру; отырып, аяқтарын алшақ қойып, нығыздалған (1кг) допты екі қолымен бастан асырып, алысқа лақтыру.

Бағалау Тұңғыш Президенттің тест сынақтары (60 м-ге жүгіру, бір орнында тұрып, ұзындыққа секіру) кестесі бойынша жүргізіледі.

Жазғы президенттік көп сайыстан (отырып, аяқтарын алшақ қойып, нығыздалған (1кг) допты екі қолымен бастан асырып, алысқа лақтыру) кесте бойынша.

5. Спорттық ойындар (баскетбол, волейбол, футбол).

Конкурстық тапсырмалар – «Дене тәрбиесі» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес «Спорттық ойындар» бөлімінің оқу тапсырмаларын орындау енгізіледі.

5.1 Баскетбол:


№	Сынақтарды орындау	Бағалау	Қателер	Баға
1	Кедергілерді (фишка) айналып, допты алып жүру (сек.)	Уақыт бойынша		Ұпайларды қосу
2	Допты әртүрлі тәсілмен қағып алу және серіктеске беру (<i>10 рет беру</i>).	10 ұпай (орындау техникасы)	- 1 ұпай (әрбір қатеге)	
3	Допты қозғалып жүріп, лақтыру – 3 мүмкіндік	(дәл түскен саны, уақыты)		Ұпайларды қосу
4	Айып добын лақтыру (5 мүмкіндіктен)	(саны)		Ұпайларды қосу
5	3 нүктеден орта қашықтықтан сақинаға доп лақтыру (айып алаңына байланысты (3 секундтық аймақ)	(саны)		Ұпайларды қосу

№ 1 жаттығу

Ойыншы баскетбол алаңында (баскетбол қалқаны астында) оң сызықта орналасады. Педагогтің белгісімен ойыншы тіреуді оң және сол қолымен айналып, допты алып жүреді. Тіреулер спорт залда оң сызық бойымен орналасады. Соңғы 5-ші тіреуден өткеннен кейін қарсы жақтың оң сызығын қиып өтеді. Допты алып жүру техникасы мен қашықтықты өту уақыты есепке алынады.

№ 2 жаттығу

Қатысушылар 3 ұмтылыстан айып алаңынан допты лақтырады (тұру қалпы еркін). Лақтыру тәсілі де қалауынша.



5.2 Волейбол:

№	Комбинацияны орындау	Бағалау	Қателер	Баға
1	Бір орында тұрып, екі қолымен допты қабылдау және беру (10 рет беру).	Ұпай	0,5 және 1 ұпай	Ұпайларды қосу
2	Қадамдарын тақап тұрып, алмасу	Ұпай	0,5 және 1 ұпай	Ұпайларды қосу
3	Тор арқылы төменгі (жоғарғы) допты тікелей беру	Ұпай	ұпайлар	Ұпайларды қосу

5 – 6 сынып

№1 жаттығу

Орнында тұрып, допты жоғарыдан екі қолымен беру және қабылдау.

- 5 ұпай – 9-10 доп беру орындалды;
- 4 ұпай – 7-8 доп беру орындалды;
- 3 ұпай – 5-6 доп беру орындалды;
- 2 ұпай – 5 доптан аз берілді.

Елеулі қателер (1 ұпайды төмендету): - допқа алақанын тигізу;

- допты кідірту және лақтыру.

Сондай-ақ, мыналар елеулі қателікке саналады: аяқтың, дененің және қолдың қозғалыстарының сәйкес келмеуі; доптың ұшу траекториясы төмен; ұшудың бағыты дәл емес.

Ұсақ қателер (0,5 ұпай төмендету):

- тәсілдерді орындауда белсенділік жеткіліксіз, қозғалыс «еркін емес».

№ 2 жаттығу

Допты бастың үстінен екі қолмен (9 метр) лақтырып, бір мезетте торға қадамдарын тақап тұрып, тұрыстың орнын алмастыру.

- 5 ұпай – допты жоғалтпай, орындалды;
- 4 ұпай – 1 допты жоғалтып, орындалды;
- 3 ұпай – 2 допты жоғалтып, орындалды;
- 2 ұпай – 3 немесе одан да көп допты жоғалтып орындалды.

Елеулі қателер (1 ұпайды төмендету):

– допты беру және орын алмасу техникасын бұзу. Ұсақ қателер (0,5 ұпай төмендету):

- қозғалыс «еркін емес»;
- тәсілдерді орындауда белсенділік жеткіліксіз.

№ 3 жаттығу

Төменгі (жоғарғы) допты тор арқылы тікелей беру (5 рет доп беру). Тордың биіктігі 2,20м (ұлдар), 2,00 м (қыздар).

Елеулі қателер:

- допты соғу кезінде артқа ауытқу; - артта тұрған аяқты көтеру;
- соққының бағыты алға емес, жанына қарай кету.

Ұсақ қате:

- қозғалыс «еркін емес».
- 5 ұпай – 5 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;
- 4 ұпай – 4 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;
- 3 ұпай – 3 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;
- 2 ұпай – 1 рет доп беру дұрыс орындалмады, алаң шегінде;
- 1 ұпай – допты беру дұрыс емес немесе доп алаңның шегіне жетпейді.

7 – 8 сынып

№	Комбинацияны орындау	Бағалау	Қателер	баға
1	Орнында тұрып допты 2 қолмен беру және қабылдау (10 рет беру).	ұпай	0,5 және 1 ұпай	Ұпайларды қосу
2	Тіректе бүйірлік қадамдармен жылжу.	баллы	0,5 және 1 ұпай	Ұпайларды қосу
3	Тор арқылы допты төменгі (жоғарғы) допты тура жеткізу.	баллы	Ұпайлар	Ұпайларды қосу

№1 жаттығу

Допты жоғарыдан беру және допты екі қолымен төменнен қабылдау, кезекпен орнында тұрып, жұппен қабылдау (10 рет берілген доптың ішінен)

- 5 ұпай – допты жоғалтпай орындалды;
- 4 ұпай – допты 7 беру орындалды;
- 3 ұпай – допты 5 беру орындалды;
- 2 ұпай – доптың 5 рет берілуінен аз орындалды.

Елеулі қателер (1 ұпайды төмендету): - допқа алақанын тигізу;

- допты кідірту және лақтыру.

Сондай-ақ, мыналар елеулі қателікке саналады: аяқтың, дененің және

қолдың қозғалыстарының сәйкес келмеуі; доптың ұшу траекториясы төмен; ұшудың бағыты дәл емес.

Ұсақ қателер (0,5 ұпай төмендету):

- тәсілдерді орындауда белсенділік жеткіліксіз, қозғалыс «еркін емес».

№2 жаттығу

Допты бастың үстінен екі қолмен (9 метр) лақтырып, бір мезетте торға қадамдарын тақап тұрып, тұрыстың орнын алмастыру.

- 5 ұпай – допты жоғалтпай, орындалды;
- 4 ұпай – 1 допты жоғалтып, орындалды;
- 3 ұпай – 2 допты жоғалтып, орындалды;
- 2 ұпай – 3 немесе одан да көп допты жоғалтып орындалды.

Елеулі қателер (1 ұпайды төмендету):

– допты беру және орын алмасу техникасын бұзу. Ұсақ қателер (0,5 ұпай төмендету):

- қозғалыс «еркін емес»;
- тәсілдерді орындауда белсенділік жеткіліксіз.

№3 жаттығу

Төменгі (жоғарғы) допты тор арқылы тікелей беру (5 рет доп беру). Тордың биіктігі 2,30 м (ұлдар), 2,10 м (қыздар).

- 5 ұпай – 5 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;
- 4 ұпай – 4 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;
- 3 ұпай – 3 рет доп беру дұрыс орындалды, алаң шегінде;
- 2 ұпай – 1 рет доп беру дұрыс орындалмады, алаң шегінде;
- 1 ұпай – допты беру дұрыс емес немесе доп алаңның шегіне жетпейді.

Елеулі қателер:

- допты соғу кезінде артқа ауытқу; - артта тұрған аяқты көтеру;
- соққының бағыты алға емес, жанына қарай кету. Ұсақ қате:
- қозғалыс «еркін емес».

5.3 Футбол:

Комбинацияны орындау	Бағалау	Қателер	Баға
Допты бір аяқпен немесе екі аяқпен (дененің басқа бөліктерімен) кезектестіріп, допты қақпақылдау (жонглерлік ету)	Допты қағудың саны	Дененің бір бөлігімен 2 реттен аса	Ұпайларды қосу
Кедергілерді (фишка) айналып, допты алып жүру (4 фишка)	Уақытына қарай	Допты фишкаға немесе аяқтың бір бөлігіне тигізу	Ұпайларды қосу
Қақпаға соққы жасау (дәлдік үшін) (3 соққы)	Қақпаға түсу саны	-----	Ұпайларды қосу
Допты алысқа беру (3 соққы)	метр	Доптың алаңның сызығына тигізу	Ұпайларды қосу

№1 жаттығу

Допты бір аяқпен немесе екі аяқпен (немесе дененің басқа бөліктерімен) кезектестіріп, допты қақпақылдау (жонглерлік ету).


Шарт: допты қанша рет қаққанын санау.

Егер қатысушы допты денесінің бір бөлігімен 2 реттен артық ұрса-соққы біреуге есептеледі.

Қатысушы допты түсіріп алса (жерге тигізсе), жаттығу қайтадан орындалады. Жаттығуды орындауға 2 мүмкіндік беріледі.

Ең жақсы нәтиже есепке алынады.

№2 жаттығу



Допты бір-бірінен 4 метр қашықта орналасқан тіреутерді айналып өтіп, алып жүру.

Қашықтықтың ұзындығы – 20 метр. Допты алға және кері қарай алып жүру (сек).

Қателер: допты фишкаларға тигізу, допты алып жүрген кезде фишкаларды өткізіп алу, фишкаларға аяқты тигізіп алу немесе олардан аттап өту – шешуші уақытқа 0,5 секунд қосу.

№3 жаттығу

Қимылсыз тұрған допты дәлдікпен соғу. Оқушы 11 метрлік белгіден қақпаға үш соққы жасайды.

Қақпа таспамен 6 аймаққа бөлінген – 9,6,10,5. Аймақтар бойынша соққының ұпай саны: № 9 аймаққа допты тигізу – 10 ұпай; № 10 аймаққа допты тигізу – 8 ұпай; № 6 аймаққа допты тигізу – 6 ұпай; № 5 аймаққа допты тигізу – 4 ұпай.

№ 4 жаттығу

Допты қашықтыққа беру (3 соққы).

Футбол алаңында 15, 20, 25, 30 метрлік бойлық сызықтары бар 5 метрлік дәліз белгіленген. Оқушы пәрмен берілген соң қозғалмайтын допқа (кез келген аяқпен) соққы жасайды **5-6 сынып:**

- 25 метр – 5 ұпай;
- 20 метр – 4 ұпай;
- 15 метр – 3 ұпай.

Әуелеп келген доптың белгіленген сызықты кесіп өтуі **7-8 сынып:**

- 30 метр – 5 ұпай,
- 25 метр – 4 ұпай;
- 20 метр – 3 ұпай.

Әуелеп келген доптың белгіленген сызықты кесіп өтуі.

6. Ұлттық ойын: «Асық ату» -ұлдар», «Бес асық» -қыздар

6.1 Байқаудың тапсырмасы – «Дене тәрбиесі» пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына кіретін ұлттық ойын бөлімінен 5-6, 7-8 сыныптар «Асық ату» ұлдарға арналған дәлдік/мергендік/, күш, ептілік физикалық сапа дағдыларының қалыптасуын айқындайтын жаттығу элементтерін орындаудан тұрады. Жаттығуларды орындауға полимерден құйылған салмағы -15 грамм, 1-15 ке дейін нөмірленген асық және салмағы 28-30 граммнан аспайтын / оңқай, солақай/ сақа қолданылады.

Қыздарға арналған «Бес асық» ережесіне сәйкес ептілік, икемділік, ұсақ моториканың даму сапа дағдыларының қалыптасуын айқындайтын жаттығу элементтерінен тұрады. Жас ерекшеліктеріне қарай:

5-6 сынып асықтың салмағы - 9 гр. ені 2 см; ұзындығы 3 см.

7-8 сынып-Асықтың салмағы: 11 гр. ені 2 см; ұзындығы 3,5 см.

Жаттығудың орындалуы техникалық тұрғыдан дұрыс, анық болуы қажет.

Егер қатысушы қандай да бір тапсырманы көрсетілген ережеге сай орындамаса ұпай саны төмендетіледі. Төрешілер тапсырманың орындау сапасын, нақтылығын бағалайды, бұл ретте орындау техникасына қойылатын алдын ала келісілген талаптарды ескереді. Нәтиже ұпайлармен өлшенеді. Нәтиже әділ (объективті) болу үшін тапсырма орындау кезінде әр жақта тұрған бірнеше төреші бағалайды. Төрешілердің қойған ортақ бағасы алынады. Ұпаймен бағалау жүйесі төрешілерге қатаң талаптар қояды.

6.2 «Асық ату» -ұлдар

Тапсырма жалпы 3 жаттығудан тұрады:

1.Дәлдікке/ мергендікке/ 4 - 5 м. ату сызығынан көндегі кенейді үш мүмкіндіктен шығару - **3 ұпай**

2. Шеңберде жығылған кеней асықты (*бес табан, диагональ, параллельден*) атып шығару - **3 ұпай**

3. Сақа үш мәрте иіру - **9 ұпай**

Бес асық жаттығуларын орындаудағы болжамды ең жоғары баллы – **15,0 ұпай**.


Асық ату 5- 6 сыныптар / ұлдар/

	Жаттығулар	Бағалау	Қателер	Балл
1	Мергендікке / дәлдікке/ 4 м қашықтықтан ату	Дәлдікке тиіп құлаған асықтың саны. Әр құлаған асық 1 ұпай	-Ату сызығын басып ату -Сақаны сырғытып ату -Ойыншының тұрысы -Сақаның ережеге сәйкес ұстамау /ескерту/	3 /ұпай/ Үш мүмкіндіктің нәтижелері қосылып жалпы балл саналады
2	Шеңбердегі жығылған <i>бес табан, диагональ, параллель</i> кеней асықтарды сақамен шеңбер сызығынан атып шығару.	Шеңберден шығару. Әр шыққан асық 1 ұпай	-Ату сызығын басу -Қолды кілемге тигізу -Сақаны қолдан түсіру -Шертіп ату /ескерту. /	3 ұпай Үш мүмкіндіктің нәтижелері қосылып

				жалпы балл саналады.
3	Сақаны иіру	алшы – 3 ұпай, тәйке -2 ұпай, бүк -1 ұпай	Ойыншының тұрысы Сақаны иіру кезінде: -қолды тізеден төмен түсіру - -қолды кіндіктен жоғары көтеру /ескерту. /	9 ұпай Үш мүмкіндіктің нәтижелері қосылып жалпы балл саналады


№1 жаттығу. Дәлдікке/ мергендікке/ ату

Ең жоғары баға 3 ұпай. Әрбір шеңбер ішінде жығылған асыққа бір ұпай беріледі. Қатысушы 4 метрлік ату сызығынан (1,15 м) тұрып диаметрі 4 метр шеңбердің ортасына көнге тігілген 15 кенейді атуға үш мүмкіндігі бар. Қатысушыға оңқай-солақайын ескере отырып 3 сақа беріледі. Сақамен атып, кеней асыққа дәлдікпен тигізу. Көндегі асыққа тигізіп құлату шарт. Әр жағдайда сақа тиіп құлаған асық 1 ұпай. Асық ойыны ережесіне сәйкес орындалады, ойыншының тұрысы, ату сызығын баспау.




Сақаны ережеге сәйкес ұстау, «Сырғыма» болдырмау үшін сақамен сырғытып атпау.

ОҢҚАЙ




СОЛАҚАЙ




№2 жаттығу. Шеңбер ішінде жығылған кеней асықтарды атып шығару.

Шебер ішінде бестабан, диаганаль, параллель жағыдайында үш кеней тігіледі. Қатысушыға оңқай-солақайын ескере отырып 3 сақа беріледі. Әр жағдайдан ең жоғары баға 1 ұпай шеберден шығарғанда беріледі. Қатысушының бестабаннан, диаганальдан, параллельден атуға бір мүмкіндіктен бар. Асық ату


ойыны ережесіне сәйкес ойыншының тұрысы, ату сызығын баспау. Сақамен атқанда, қолды кілемге тіремеу, шеңберге кірмеу, сақаны қолдан түсірмеу, шертіп атпау. Ережеге сәйкес болмаған жағдайда ұпай есепке алынбайды.



БЕСТАБАН -- яғни асықты ату кезінде көндегі асық жығылып шеңберден шықпаса, шеңбер сызығында қалып қалса немесе шеңбер сызығынан бір табан көлемінде жатса, ойыншыға мүмкіндік беріліп ойыншының сұрауымен оңға немесе солға **БЕСТАБАН** санап беріп жығылған асықты қиып атуға пәрмен беріледі





ДИАГОНАЛЬ-яғни асықты ату кезінде көндегі асық жығылып, шеңберден шықпаса, ойыншыға мүмкіндік беріліп төрешінің нұсқауымен жығылған асықты диагональ бағытқа атуға пәрмен беріледі.



ПАРАЛЕЛЬ - асықты ату кезінде сақа асықты көн сызықтарының ішінде құлтып жатса, ойыншыға мүмкіндік беріліп төрешінің нұсқауымен жығылған көн сызығының бойымен тура яғни асықты паралель бағытқа атуға пәрмен беріледі

№3 жаттығу. Сақаны иіру

Жаттығу қолдың ептілігін қоса отырып сақаны иіру арқылы орындалады. Сақаны кілемге иіру арқылы *алшы* – 3 ұпай, *тәйке* – 2 ұпай, *бүк* – 1 ұпай, болып есептеледі.



Ең жоғары **9 ұпай**. Қатысушының 3 мүмкіндіктің нәтижелері қосылып, қорытынды ұпай шығарылады. Ережеге сәйкес ойыншының тұрысы, сақаны иіру кезінде сақаны ұстау биіктік деңгейіне назар аударылады. Қолды тізеден төмен түсірмеу, қолды кіндіктен жоғары көтермеу.

Қате болып саналады:

- ату сызығын басып ату;
- сақаны сырғытып ату;
- ойыншының тұрысы;
- сақаның ережеге сәйкес ұстамау;
- қолды кілемге тигізу;
- сақаны қолдан түсіру;
- шертіп ату.

Сақаны иіру кезінде:

- қолды тізеден төмен түсіру;
- қолды кіндіктен жоғары көтеру.


6.3 Асық ату 7-8 сыныптар / ұлдар/

	Жаттығулар	Бағалау	Қателер	Балл
1	Мергендікке / дәлдікке/ 5 м қашықтықтан ату	Дәлдікке тиіп құлаған асықтың саны. Әр құлаған асық 1 ұпай	-Ату сызығын басып ату -Сақаны сырғытып ату -Ойыншының тұрысы -Сақаның ережеге сәйкес ұстамау /ескерту/	3 /ұпай/ Үш мүмкіндіктің нәтижелері қосылып жалпы балл саналады
2	Шеңбердегі жығылған бес табан, диаганаль, параллель кеней асықтарды сақамен шеңбер сызығынан атып шығару.	Шеңберден шығару. Әр шыққан асық 1 ұпай	-Ату сызығын басу -Қолды кілемге тигізу -Сақаны қолдан түсіру -Шертіп ату /ескерту. /	3 ұпай Үш мүмкіндіктің нәтижелері қосылып жалпы балл саналады.
3	Сақаны иіру	<i>алшы – 3 ұпай, тәйке -2 ұпай, бүк -1ұпай</i>	Ойыншының тұрысы Сақаны иіру кезінде: -қолды тізеден төмен түсіру - -қолды кіндіктен жоғары көтеру /ескерту. /	9 ұпай Үш мүмкіндіктің нәтижелері қосылып жалпы балл саналады

№1 жаттығу. Дәлдікке/ мергендікке/ ату


Ең жоғары баға 3 ұпай. Әрбір шеңбер ішінде жығылған асыққа бір ұпай беріледі. Қатысушы 5 метрлік ату сызығынан (1,15 м) тұрып диаметрі 4 метр шеңбердің ортасына көнге тігілген 15 кенейді атуға үш мүмкіндігі бар. Қатысушыға оңқай-солақайын ескере отырып 3 сақа беріледі. Сақамен атып, кеней асыққа дәлдікпен тигізу. Көндегі асыққа тигізіп құлату шарт. Әр жағдайда

сақа тиіп құлаған асық 1 ұпай. Асық ойыны ережесіне сәйкес орындалады, ойыншының тұрысы, ату сызығын баспау.



Сақаны ережеге сәйкес ұстау, «Сырғыма» болдырмау үшін сақамен сырғытып атпау.

ОҢҚАЙ




СОЛАҚАЙ




№2 жаттығу. Шеңбер ішінде жығылған кеней асықтарды атып шығару.


Шебер ішінде *бестабан*, *диаганаль*, *параллель* жағыдайында үш кеней тігіледі. Қатысушыға оңқай-солақайын ескере отырып 3 сақа беріледі. Әр жағыдайдан ең жоғары баға 1 ұпай шеберден шығарғанда беріледі. Қатысушының *бестабаннан*, *диаганальдан*, *параллельден* атуға бір мүмкіндіктен бар. Асық ату ойыны ережесіне сәйкес ойыншының тұрысы, ату сызығын баспау. Сақамен атқанда, қолды кілемге тіремеу, шеңберге кірмеу, сақаны қолдан түсірмеу, шертіп атпау. Ережеге сәйкес болмаған жағдайда ұпай есепке алынбайды.



